1.1 Ереже «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ докторантураның білім беру бағдарламаларын кредиттік оқыту технологиясы аясында іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін, сондай-ақ докторантураның білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптарды, қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша мамандар даярлаудың үдерісіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер/мектеп, кафедралар, қаржы және ғылыми бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті болып табылады.

1.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдастырушылық бірлік – факультет/мектептің бітіруші кафедрасы болып табылады. Университет деңгейінде докторантураның білім беру процесін үйлестіру және бақылауды Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті жүзеге асырады, ал ғылыми құрамдас бөліктің орындалуын үйлестіру және бақылауды Ғылым департаменті жүзеге асырады.

1.4 Докторантураға қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1.5 Докторанттарды даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында және университет пен білім беру қызметтерін тұтынушылар арасында жасалатын ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттар негізінде жүзеге асырылады.

1.6 Университет докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша даярлауды төмендегілерге сәйкес жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру білім беру бағдарламаларының классификаторы;

- білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- академиялық күнтізбе;

- жұмыс оқу жоспарлары;

- пәндер бойынша оқу бағдарламалары (силлабустар);

- докторанттың жеке жұмыс жоспары.

1.7 Докторантураның білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бітіруші кафедралардың ғылыми зерттеулері тақырыптарын ескере отырып жүргізіледі.

1.8 Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 бұйрығына (№1 қосымша) сәйкес философия докторы (PhD) дәрежесі беріледі.

1.9 Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттер көлеміне байланысты анықталады. Белгіленген академиялық кредиттер көлемі игеріліп, күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторантураның білім беру бағдарламасы толық меңгерілген деп есептеледі.

1.10 Докторантурада ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау философия докторы (PhD) дәрежесін берумен жүзеге асырылады, оқу мерзімі кемінде үш жылды құрайды.

1.11 Докторанттар 0,5 жүктемеден кем емес жұмыс істеуге құқылы.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы, (2025 жылғы 16 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен);
- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (14.06.2024 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Оқу үдерісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2025 жылғы 26 наурыздағы №134 өзгерістер мен толықтырулармен);
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші 2018 жылғы 13 қазандағы №569 (2023 жылғы 21 шілдедегі №327 өзгерістер мен толықтырулармен);
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 145 бұйрығы;
- «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 17.06.2015 ж. №391 бұйрығы (2023 жылғы 20 қаңтардағы №22 бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Ғылыми дәрежелерді беру тәртібі» 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 Заңы;
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 512 бұйрығы;
- Университеттің Академиялық саясаты.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылған:

Докторантура – бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, оның білім беру бағдарламалары ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызметке арналған кадрларды даярлауға бағытталған, сәйкес дайындық бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін берумен жүзеге асырылады.

Докторант – докторантурада оқитын тұлға.

Философия докторы (PhD) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес мойындалған ғылыми- педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе шетелде диссертациясын қорғаған тұлғаларға берілетін дәреже.

Докторлық диссертация – бұл дербес зерттеу болып табылатын докторанттың ғылыми жұмысы, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктелуі мүмкін немесе ғылыми проблема шешілген немесе ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, оларды енгізу ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Жеке оқу жоспары - білім алушылардың білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.

Элективті пәндер каталогы (бұдан әрі – ЭПК) - оқу мақсатын, негізгі бөлімдерін және оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын ЖОО компоненті мен таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі.

Жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) - оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оқу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, консультациялар уақытын, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау саясатын және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.

Жұмыс оқу жоспары - білім беру ұйымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін құжат.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

Университет	«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
PhD	Философия докторы
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
БББ	Білім беру бағдарламасы
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ДЖЖЖ	Докторанттың жеке жұмыс жоспары
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ДӨЖ	Докторанттың өздік жұмысы
ОДӨЖ	Оқытушының басшылығымен докторанттың өздік жұмысы
ДК	Диссертациялық кеңес
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
ҚА	Қорытынды аттестация
ДҚ	Диссертация қорғау
ДҒЗЖ	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
АМЖД	Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті
БП	Базалық пәндер

БеП	Бейіндік пәндер
ЖК	Жоғары оқу орнының компоненті
ТК	Таңдау компоненті

5. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

5.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы екі бірдей компоненттен тұрады: білім беру мазмұнын анықтайтын білім беру және ғылыми, олардың арақатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

5.2 Оқу және ғылыми жұмыстың күрделілігі игерілген материалдың мөлшерімен анықталады және кредитімен өлшенеді. Бұл ретте докторантурада білім берудің алдыңғы деңгейлерінде бұрын игерілген кредиттерді ескеретін кредиттердің жинақтаушы жүйесі жұмыс істейді. Пән кредиттердің бүтін санына тең көлемде бағаланады.

5.3 Докторантурада оқу тек күндізгі формада жүзеге асырылады.

5.4 Докторантурадағы оқу жылы академиялық кезеңдерден, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмысынан, аралық аттестаттау кезеңінен, қорытынды бақылаудан, практикалардан, қорытынды аттестаттаудан және демалыстан тұрады.

5.5 Білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті докторанттың ғылыми - зерттеу жұмысынан, ғылыми жарияланымдардан және докторлық диссертация жазудан қалыптасады.

5.6 PhD философия докторларын даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы менгерген, бірақ ДҒЗЖ орындамаған докторантқа зерттеу компонентінің академиялық кредиттерін қайта игеруге және диссертацияны кейінгі жылдары ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы менгерген, бірақ белгіленген мерзімде докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа докторантурада оқу мерзімі ақылы негізде ұзартылады.

5.7 Докторантураның білім беру бағдарламасы:

- 1) базалық және бейіндік пәндер циклін меңгеруді қамтитын теориялық оқыту;
- 2) докторанттарды практикалық даярлау: кәсіптік практиканың, ғылыми тағылымдамалардың әртүрлі түрлері;
- 3) докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы;
- 4) аралық және қорытынды аттестаттау.

5.8 Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және жоғары оқу орны компонентін және таңдау компонентін, практиканы қамтитын базалық пәндер және бейіндеуші пәндер циклдерінен тұрады. Бұл ретте Университетте докторантурадағы барлық білім беру бағдарламалары үшін кредиттер саны: БП – 10, БеП – 15 құрайды.

5.9 Базалық пәндер циклінің ЖК тізбесіне «Ғылыми зерттеу әдістері» және «Академиялық хат» пәндері кіреді.

5.10 ТК пәндері еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін, докторанттардың мүдделерін ескере отырып айқындалады.

5.11 Докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда "кіре берісте" алдыңғы білім беру деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады. Докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді, олар оқытудың бірінші семестрі ішінде ақылы негізде игеріледі.

PhD докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша пререквизиттердің тізбесін тиісінше кафедралармен Тіркеу офісі әзірлейді және Басқарма төрағасының бірінші орынбасары - Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

5.12 Бейінді бағыты бойынша магистрдің ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантураның бағдарламасына оқуға түсу кезінде оған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасы ретінде педагогикалық бейіндегі докторантураның білім беру бағдарламасы (30 кредит) пререквизиттер ретінде қосымша белгіленеді

Пререквизиттер ретінде докторант тиісті деңгейдегі формальді емес білім беруді оқыту нәтижелерін ұсынады, оларды тануды Университет белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

5.13 Докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жасалатын және кафедра меңгерушісі, деканмен келісіліп, Ғылым департаменті директорымен бекітілетін докторанттың жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

5.14 ДЖЖЖ білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогына сәйкес қалыптастырылатын әрбір докторанттың жеке білім беру траекториясын айқындайды.

5.15 Докторанттың жеке жұмыс жоспары бүкіл оқу кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- ғылыми-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімі мен есеп беру нысаны);
- практика (оның ішінде педагогикалық), тағылымдама (бағдарлама, базасы, мерзімі және есеп беру түрі);
- негіздемесі мен құрылымы бар докторлық диссертация тақырыбы;
- докторлық диссертацияны орындау жоспары;
- ғылыми жарияланымдар жоспары, ғылыми-практикалық (ғылыми-теориялық) конференцияларға қатысу.

5.16 ДЖЖЖ-да оқу қызметінің барлық пәндері мен түрлері (практика, ДҒЗЖ, қорытынды аттестаттау, докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау) енгізіледі.

5.17 Оқу жұмыс жоспары докторанттардың ЖОЖ негізінде оқу жылына әзірленеді және ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітіледі. ОЖЖ оқу жылына арналған пәндер тізбесі және олардың кредиттердегі еңбек сыйымдылығы, оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау нысандары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа түрлері (практика, ДҒЗЖ), қорытынды аттестаттау, докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау айқындалады.

5.18 Барлық оқу пәндерінің мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларымен анықталады және ғылыми кеңесте бекітіледі. Оқу жұмыс бағдарламалары мен силлабустар (докторанттарға арналған пәндер бағдарламалары) оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленеді.

5.19 Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және ғылым мен ғылыми саланың тиісті бағыттары бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді.

5.20 Докторантураның кәсіптік даярлық бөлігіндегі білім беру бағдарламалары PhD докторларын даярлаудың аккредиттелген бағдарламаларын іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленеді.

5.21 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке жұмыс жоспарын орындау тұрғысынан аттестаттаудан өтеді.

6. КӘСІБИ ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТУ

6.1 Практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі және педагогикалық және зерттеу практикасы болып бөлінеді.

6.2 Педагогикалық практика кезеңінде докторанттар бакалавриат пен магистратурада сабақ өткізуге тартылады. Мақсатты бағыт бойынша докторанттарға мақсатты келісім-шарт және ішкі құжаттарды сақтай отырып жоғары оқу орындарында педагогикалық практика өтуге рұқсат етіледі.

6.3 Докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ практикалық дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу, түсіндіру және талдау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу практикасының мазмұны докторлық диссертация тақырыбымен анықталады.

6.4 Практиканың барлық түрлерін жүргізу бойынша әдістемелік нұсқауларды бітіруші кафедралар әзірлейді.

6.5 Практика бойынша докторанттардың есептері кафедралардың кеңейтілген отырысында тыңдалады.

7. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ

7.1 Докторлық диссертацияға жетекшілік ету үшін докторантқа қабылданғаннан кейін екі ай ішінде ҒТК ұсынымы негізінде ғылыми кеңесші тағайындалады, содан кейін Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Ғылыми кеңестің шешімінен кейін Басқарма төрағасы – Ректордың бірінші орынбасары бұйрығымен бекітіледі.

7.2 Болжамды ғылыми кеңесшілердің үміткерлері бітіруші кафедраларда, факультет кеңесінің отырыстарында алдын – ала талқылаудан өтуі тиіс, және университеттің ғылыми-техникалық кеңесінің және ҒЗИ Ғылыми кеңестерінің отырысында қаралады. Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның орындалуын, академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

7.3 Ғылыми жетекшілік төмендегі талаптарға сай оқытушы тарапынан жүзеге асырылады:

- «ғылым кандидаты», немесе «ғылым докторы» ғылыми дәрежесіне немесе «философия докторы (PhD)», немесе «бейін бойынша доктор» дәрежесіне ие

- D087 Қоршаған ортаны қорғау технологиясы, D131 Өсімдік шаруашылығы, D130 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша), D135 Ауыл

шаруашылығын энергетикалық қамтамасыз ету, D136 Автокөлік құралдары, D128 Жерге орналастыру, D133 Орман шаруашылығы, D132 Мал шаруашылығы, D138 Ветеринария кадрларын даярлау бағыттары бойынша – Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректері бойынша JCR (ЖСР) 1, 2 немесе 3 квартиліне кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 2 ғылыми мақаланың, немесе CiteScore (Сайт Скор) көрсеткіші 35-тен кем емес журналдардағы мақалалардың, не болмаса Хирша индексі 2 және одан жоғары болатын ғылыми еңбектердің авторы болуы тиіс;

- D070 Экономика даярлау бағыты бойынша – бекітілген ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген бейіні бойынша 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index деректер базаларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 1 ғылыми мақаланың, немесе CiteScore (Сайт Скор) көрсеткіші 35-тен кем емес журналдағы мақала авторы болуы тиіс.

7.4 Докторанттарға философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ғылыми жетекшілік кемінде 2 кеңесші тарапынан жүзеге асырылады, олардың бірі – шетелдік жоғары оқу орнынан келген ғалым болуы тиіс.

Отандық және шетелдік ғылыми консультанттарды бекіту үшін факультеттер Магистратура және докторантура секторына келесі құжаттарды ұсынады:

1) докторанттың ғылыми жетекшілері кандидатураларын және диссертациялық жұмысының тақырыбын талқылау жөнінде университеттегі факультет кеңесінің немесе ҒЗИ-ғы Ғылыми кеңесі отырысынан хаттамадан үзінді;

2) ғылыми дәрежесі немесе бейіндік бағыты бойынша дәрежесін растайтын құжаттар (диплом, автореферат, ғылыми еңбектер тізімі);

3) ғылыми кеңесшілердің негізгі академиялық және ғылыми жетістіктерін қамтитын түйіндемесі, ғылыми еңбектер тізімі, ғылыми жобасының немесе инициативті тақырыпта жобасының болуы және толық байланыс деректері;

4) докторантқа ғылыми кеңесшілік жасауға келісім хаты (шетелдік ғылыми кеңесшіден).

5) Докторанттың ғылыми отандық және шетелдік кеңесшісін, диссертациялық жұмыс тақырыбын таңдау негіздемесі.

7.5 Егер докторант диссертация тақырыбын екі ғылымның «тоғысында» таңдаса, пәнаралық зерттеуге жан-жақты ғылыми жетекшілік пен сараптама жүргізуді қамтамасыз ету үшін әрқайсысы өз саласының маманы болып табылатын екі отандық ғылыми кеңесші тағайындалады. Бірінші ғылыми кеңесші докторанттың даярлық бағытының мамандық шифрларына сәйкес келетін ғалым болып белгіленеді.

7.6 Бекітілген ғылыми кеңесшіні ауыстыру тек ерекше жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы, ғылыми кеңесшілік қызметін объективті себептермен (басқа жұмысқа ауысуына, денсаулығына байланысты және т.б.) атқара алмауы немесе форс-мажорлық жағдайлардың орын алуы. Ғылыми кеңесшілікті бітіруші кафедраның ұсынысы мен негіздемесі бойынша Университеттің Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары – Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

Шетелдік ғылыми кеңесшіні ауыстыруға докторанттың отандық ғылыми жетекшісі және бітіруші кафедраның меңгерушісі жауапты болады.

7.7 Отандық ғылыми кеңесші тарапынан міндеттемелердің тиісінше орындалмау жағдайында кеңесшіге тәртіптік жаза қолдану және докторанттарға ғылыми кеңесшілік етуден 3 (үш) жыл мерзімге шеттетуге дейін дейінгі шаралар қолданылады.

8. ДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

8.1 Білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан, Ғылыми жарияланымдардан және докторлық диссертация жазудан қалыптасады. Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

8.2 Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестрде анықталады және ГТК қарастырылып, ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Докторант бірінші оқу жылында докторлық диссертация тақырыбына өзгерістер енгізеді. Докторлық диссертация тақырыбы кафедраның, факультет кеңесінің, университеттің Ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында талқыланып, қаралады және университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Диссертациялық зерттеудің бағыты экономиканы дамытудың жалпыұлттық басымдықтарымен және іргелі немесе қолданбалы зерттеулердің мемлекеттік бағдарламаларымен байланысты болуы керек.

8.3 Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдас бөлігі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертация жазудан және қорғаудан қалыптастырылады.

8.4 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

8.5 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы:

- докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес келу;
- өзекті болу, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылықты қамту;
- ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуге;
- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделу;
- гранттық жобалар немесе бастамашылық (инициативті) жобалар бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалана отырып орындалуы;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға.

8.6 Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері оларды өтудің әрбір кезеңінің соңында докторант есеп түрінде рәсімдейді. Докторанттардың есептері кафедралардың кеңейтілген отырысында тыңдалады.

8.7 Аттестаттау комиссиясының отырысына докторант ұсынуға міндетті:

- толтырылған жеке жұмыс жоспары;
- докторант және ғылыми кеңесші қол қойған есепті кезеңдегі жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы білім алушының есебі;

- орындалған жұмыстар туралы жазбалары бар жұмыс журналы (нөмірленген, факультет деканының мөрімен және қолымен тігілген);

- білім алушы, ғылыми кеңесші және кафедра меңгерушісі қол қойған есепті кезеңдегі жарияланымдар тізімі;

- диссертация материалдары (диссертацияның арнайы қолжазбасы (болған жағдайда) немесе алынған нәтижелерді жалпылауды ғылыми зерттеулердің жоспарланған көлемін орындаудың толықтығын көрсететін материалдарды қоса бере отырып оның жекелеген құрылымдық элементтері;

- аттестаттаудан өткені туралы кафедра отырысының хаттамасынан көшірме.

8.8 Докторанттың академиялық аттестаттаудан өткені туралы есеп жазбаша түрде ресімделеді және есеп пен хаттамадан көшірме бітіруші кафедрада докторанттың портфолиосына тігіледі.

8.9 Ғылыми-зерттеу нәтижелерін оларды өткерудің әрбір кезеңінің соңында докторант ДЖЖЖ-на сәйкес есеп түрінде ресімдейді.

8.10 Докторанттың ғылыми-зерттеу қорытындысы докторлық диссертация болып табылады.

8.11 Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін уәкілетті орган бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланады:

- Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) (далее - JCR (ЖСР) деректер бойынша импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (разделы Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс)) индекстелетін деректер базасында немесе Scopus (Скопус) мәліметтер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25-тен (жиырма бес) төмен емес мақала (article) немесе шолу (review) кемінде 1 (бір) мақала және ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесі журналдарында 3 (үш) мақала (бұдан әрі - Басылымдар тізбесі);

- немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (разделы Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелген халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 (бір) мақаладан (article) және JCR (ЖСР) деректері импакт-факторы бойынша алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқорында CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35-тен (отыз бес) төмен емес процентиль көрсеткіші бар;

- немесе JCR (ЖСР) деректері импакт-факторы бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқорында CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35-тен (отыз бес) төмен емес процентиль көрсеткіші бар Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (разделы Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) дерекқорында индекстелген халықаралық

рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) мақала (article) немесе 1 (бір) мақала (article) және 1 (бір) шолу (review);

- Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (CPC Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвард Элгар Паблшинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли и Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор и Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) (бұдан әрі сенімді баспалар) баспаларында жарияланған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 3 баспа парағы тиесілі) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) или Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) үздік 100 рейтингтен университет баспасында;

JCR (ЖСР) деректері импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 75 процентилі бар журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес болуы керек, және журналдың ресми сайтында, ағымдағы нөмірлерде жариялануы және Conference Paper, Proceedings, Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (баспадағы мақала) түрінде болуы мүмкін.

(Multidisciplinary) пәнаралық бағыты бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі. Егер Scopus және/немесе Web of Science базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналды индекстеу бұзушылықтарға байланысты тоқтатылған жағдайда, онда үміткердің осы журналда индекстеу тоқтатылған жылы және өткен жылы жарияланымдары есепке алынбайды. Web of Science базасындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus базасындағы Cite Score бойынша процентиль жарияланған жылы не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін есепке алынады.

8.12 Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорына енгізілген шетелдік патенттер халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланымдар ретінде есепке алынады.

8.13 Мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау кезінде диссертацияның негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) басылымда, оның ішінде басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда кемінде 4 (төрт) мақала жарияланады.

8.14 Докторлық диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптар Ғылыми дәрежелер беру қағидаларымен және диссертациялық Кеңес туралы Ережемен айқындалады.

8.15 Жұмыс аяқталғаннан кейін докторлық диссертация Университеттегі Strike Plagiarism бағдарламасы бойынша (авторға және алынған дереккөзге сілтеме жасамай докторанттың өзге материалды пайдалануы) кафедрада алдын ала сараптама рәсімін өткізгенге дейін плагиат нысанына тексеруден өтуі тиіс.

9. ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА ӨТУ ТӘРТІБІ

9.1 Докторанттың жеке жұмыс жоспары шеңберінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде шетелдік ғылыми кеңесші ұйым базасында өту қарастырылады.

9.2 Тағылымдамаға шығу оқудың екінші жылынан бастап жоспарланады. Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 30 күнді құрайды.

9.3 Тағылымдама бағдарламасын университет базасында тағылымдама ұйымдастырылған ұйыммен бірлесіп бекітеді. Тағылымдаманы зерттеу тақырыбы бойынша зерттеулердің және (немесе) жарияланымдардың алдын ала нәтижелері бар тұлғаларда жүзеге асырады.

9.4 Ғылыми тағылымдама аяқталғаннан кейін докторант есеп, сертификатты кафедраға, ғылым департаментіне және бухгалтерияға өткізуге міндетті.

10. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

10.1 Докторанттардың оқу жетістіктерін бақылау және олардың оқу пәндері немесе модульдері бойынша білімдерін бағалау оқу процесінің аралық кезеңдерінде (әрбір академиялық кезең мен оқу жылы аяқталғаннан кейін) Тіркеу офісі ұйымдастырады және оқытудың қорытынды нәтижелеріне бағдарлануы тиіс.

10.2 Тіркеу офісі білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын есепке алады, ол олардың белгіленген нысандағы транскриптіңде көрсетіледі. Транскрипт докторантқа оқытудың кез келген кезеңінде оның жазбаша өтініші негізінде беріледі.

10.3 Докторанттардың білімін, біліктілігі, дағдылары мен құзыреттерін бақылау қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде жүзеге асырылады. Курстың саясаты білім алушылардың пәнді қалыпты және қашықтықтан оқуы кезінде ПОҚ-ның негізгі талаптарын қамтуы керек.

10.4 Докторанттың қорытынды аттестаттау 12 кредит көлемінде докторлық диссертация жазуды және қорғауды қамтиды және келісілген академиялық күнтізбемен жүргізіледі.

10.5 Оқуды бітіріп және белгіленген талаптарға сәйкес ғылыми мақалалар жарияланғаннан кейін докторант диссертацияны алдын-ала қорғауға жіберіледі. Кафедрада алдын-ала қорғаудың оң шешімінің нәтижесі бойынша докторант диссертациялық жұмысын қорғауға жіберіледі.

10.6 Диссертацияны қорғау Университет - алқалы органның диссертациялық кеңестерінде жүргізіледі, онда докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғау және PhD докторы дәрежесін беру туралы шешім қабылдайды.

10.7 Университет диссертацияны кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), сондай-ақ тиісті білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми консультанттар мен кемінде 2 (екі) маманның қатысуымен диссертация орындалған кафедра отырысында талқылауды қамтамасыз етеді. Докторант диссертациялық кеңеске диссертация мен қажетті құжаттарды ұсынады.

10.8 Диссертациялық кеңестердің оң шешімімен және жүргізілген сараптамалардың нәтижелері бойынша докторантураның білім беру бағдарламасын толық орындаған және докторлық диссертацияны сәтті қорғаған адамдарға философия докторы (PhD) дәрежесі беріледі және қосымшасы (транскрипт) бар PhD дипломы беріледі.

**Ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантураның білім беру
бағдарламасының құрылымы**

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	1350	45
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі 1) Академиялық хат 2) Ғылыми зерттеу әдістері		
1)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Педагогикалық практика	кемінде 300	Кемінде 10
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі (БеП)		
1)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Зерттеу практикасы	кемінде 300	Кемінде 10
2.	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы жұмысы (ДҒЗЖ)	3690	123
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы		
3.	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРҚ)	360	12
	Барлығы	кемінде 5400	кемінде 180

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«_____» факультеті

«_____» кафедрасы

КЕЛІСІЛГЕН

«_____» Факультеті деканы

_____ Т.А.Ә

«_____» _____ 202_ ж.

БЕКІТЕМІН

Ғылыми департаментінің директоры

_____ Т.А.Ә

«_____» _____ 202_ ж.

«_____» кафедрасының
меңгерушісі

_____ Т.А.Ә

«_____» _____ 202_ ж.

**ДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС
ЖОСПАРЫ (ДЖЖЖ)**

Т.А.Ә.

Білім беру бағдарламасының шифры және атауы	8D_____ – «_____»
Дайындық бағыты	Ғылыми-педагогикалық
Түскен мерзімі	«__» _____ 202_ ж.
Бітіру мерзімі	«__» _____ 202_ ж.
Докторлық диссертация тақырыбы Қазақша Орысша Ағылшынша	
Жобаның номері, атауы және бағытты (каз/рус)	
Жоба жетекшісі	
Отандық ғылыми консультант	
Шетелдік ғылыми консультант	
Докторлық диссертацияны қорғауға ұсыну мерзімі	«__» _____ 202_ ж.

Докторлық диссертация тақырыбы 3 тілде:

I. Зерттеу жұмыстарының өзектілігі:

II. Ғылыми жаңалығы:

III. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

IV. Зерттеу материалдары мен әдістемелері

V. Диссертациялық жұмысты орындаудың күнтізбелік жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмысты жасау уақыты (күні, ай, жыл)	Күтілетін нәтижелер
1	Диссертациялық жұмыстың тақырыбын бекіту	_____ 202__ ж.	№ _____ 202__ ж.
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			

VI. Күтілетін нәтижелер:

VII. Әдебиеттер тізімі (әдебиеттер тізімі ағылшын тілінде міндетті)

« _____ » кафедра мәжілісінде талқыланды
хаттама № « _____ » _____ 202_ ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ Т.А.Ә
ҚОЛЫ

« _____ » факультеті Кеңесімен ұсынылған
хаттама № « _____ » _____ 202_ ж.

Факультет деканы _____ Т.А.Ә
ҚОЛЫ

Университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітілген

хаттама № « _____ » _____ 202_ ж.

БЕКІТЕМІНОқу процесінің мазмұны бөлім
бастығы

_____ Т.А.Ә.

« _____ » _____ 202_ ж.

ДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ

202_ - 202_ оқу жылы

Білім беру бағдарламасы

8D _____ – « _____ »

	Пән коды	Пән атауы	Кредит саны	Семестр	Бақылау түрі
1	Міндетті базалық пәндер циклы (БП) – _____ кредит				
1.1					
1.2					
	Барлығы				
2	Таңдау бойынша бейіндік пәндер циклы (БеП) – _____ кредит				
2.1					
2.2					
2.3					
	Барлығы				
	Барлығы				

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ДОКТОРЛЫҚ
ДИССЕРТАЦИЯНЫ ЖАЗУ**

Курс	Семестр	Кредит саны	Есеп беру мерзмі мен нысаны
1	1		
1	2		
2	3		
2	4		
3	5		
3	6		

ПРАКТИКАЛАР

Тәжірибе түрі	Семестр	Кредит саны	Тәжірибе базасы (атауы және орналасқан жері)	Есеп беру мерзімі мен нысаны
Педагогикалық				
Ғылыми-зерттеу				

ЖОБАЛАРҒА ҚАТЫСУЫ

Жоба атауы, тіркеу номері, ғылыми жетекшінің Т.А.Ә., қызметі	Жүзеге асырылу мерзімі (күні, айы, жылы)	Жоба деңгейі (мемлекеттік тапсырыс немесе келісім шарт)	
		Халықаралық	Республикалық

Практика және жұмыспен

қамту бөлім бастығы _____ Т.А.Ә. «_____» _____ 202_ ж.

Ғылыми кеңесші: _____ Т.А.Ә «_____» _____ 202_ ж.

Докторант: _____ Т.А.Ә «_____» _____ 202_ ж.

КЕЛІСІЛГЕН

Халықаралық кеңсе жетекшісі

_____ Т.А.Ә.

« _____ » _____ 202_ ж.

202_ - 202_ оқу жылындағы шет елдік ғылыми тағылымдама

ЖОСПАРЫ

№	Жұмыстың мазмұны	Мемлекет, ҒЗИ, ЖОО	Орындалу мерзімі (ай, жыл)	Күтілетін нәтижелері	Орындалғандығы туралы белгі
1.					

Ғылыми кеңесші: _____ Т.А.Ә. « _____ » _____ 202_ ж.

Докторант: _____ Т.А.Ә « _____ » _____ 202_ ж.

« _____ » кафедра мәжілісінде талқыланды

хаттама № « _____ » _____ 202_ ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ Т.А.Ә

ҚОЛЫ

Оқытудың _____ жылы*

Докторлық диссертацияны орындау кезеңі

№	Жұмыстың мазмұны	Орындау мерзімі (ай, жыл)	Күтілетін нәтижелер	Орындалғандығы туралы белгі
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				

Ғылыми кеңесші: _____ Т.А.Ә «__» _____ 202_ ж.

Докторант: _____ Т.А.Ә «__» _____ 202_ ж.

«_____» кафедра мәжілісінде талқыланды

хаттама № «__» _____ 202_ ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ Т.А.Ә
ҚОЛЫ

*Ескертпе: докторлық диссертацияны орындау кезеңдері әрбір оқу жылына рәсімделеді

**202_ - 202_ оқу жылындағы ғылыми мақала шығару
ЖОСПАРЫ***

№	Мақала /тезис /патент атауы	Авторлардың Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі (толық)	Баспаның атауы/ Халықаралық конференция/патент номері	Орындалу мерзімі (ай, квартал, жыл)	Орындалғандығы туралы белгі
I оқу жылы					
1.					
2.					
3.					
II оқу жылы					
4.					
5.					
6.					
III оқу жылы					
7.					
8.					
9.					

Ғылыми кеңесші: _____ Т.А.Ә. «__» _____ 202_ ж.

Докторант: _____ Т.А.Ә «__» _____ 202_ ж.

«_____» кафедра мәжілісінде талқыланды

хаттама № «__» _____ 202_ ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ қолы _____ Т.А.Ә

***Ескерту:** оқу үрдісінде диссертацияны орындау барысында ДЖЖЖ-на түзетулер мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.